


# ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚ, I

Халықаралық құқықтағы  
жеке тұлғаның қылмыстық  
жауапкершілігі





Бұл дәрісте Гибрид соттар және басқа да халықаралық тұрғыда үйлестірілген мемлекеттік соттар мен трибуналдар, Сьер-Леон жөніндегі арнайы сот, Ирактағы жоғарғы трибунал, Халықаралық қылмыс, Геноцид, геноцидке тыйым, соғыс қылмыстары, адамзатқа қарсы қылмыстар, агрессия туралы талқылаймыз.

Әуелі Гибридтік соттар және басқа да халықаралық үйлестірілген ұлттық соттар мен трибуналдарға тоқталайық.

Уақыт пен географиялық жағынан шектелген халықаралық қылмыстық трибуналдар мен Халықаралық қылмыстық соттарға қоса, жақында халықаралық және мемлекеттік элементтері қатар жүретін істерді қарайтын жаңа стильдегі сот түрі пайда болды.

Мұндай институттарды Малколм Шоу гибрид немесе аралас соттар деп атайды. Соттың бұл түрі, негізінен, жергілікті, сондай-ақ, халықаралық деңгейде заңдылық пен легитимділікті, сот шешімдерінің дұрыс қабылдануын арттыру үшін жұмыс істейді. Аралас (гибрид) соттардың пайда болуы бұрынғы отарланған елдердегі саяси қауіп пен ішкі механизмдердің кемшіліктері болуымен тығыз байланысты. Мұндай соттардың құқықтық негізі, конституциялық статусы, құқықтық құзыреті мен құрылымы әртүрлі болып келеді.

Малколм Шоудың пікірінше, мұндай соттарды (механизмдерді) халықаралықтандалған (халықаралық тұрғыдан үйлестірілген) сот немесе халықаралық және мемлекеттік элементтердің тепе-теңдегіне негізделген трибунал деп атаған жөн. Бұл, негізінен, мемлекеттік құқыққа негізделген мемлекеттік соттар. Бірақ күшейтілген халықаралық элементтерге ие. Мысалы, қызметі, негізі, құқықтық құзыреті, халықаралық сарапшыларды шақыру элементтері халықаралық сипат алады. Мұндай соттардың кейбіреуін нақты сол санатқа жатқызу қиын, бірақ ол халықаралық деңгейдегі істерді қарайды немесе жеке тұлғаны халықаралық қылмысы үшін жауапқа тартады. Тіпті ол мемлекеттік құқық жүйесіне енгізілгеніне қарамастан, халықаралық деңгейде қарала береді.

### **Сьерра-Леоне жөніндегі арнайы сот**

Сьерра-Леоне жөніндегі арнайы сот елдегі азамат соғысынан кейін БҰҰ мен Сьерра-Леоне арасындағы 2002 жылғы 16 қаңтардағы келісімнің негізінде, Қауіпсіздік кеңесінің 1315 қарарына сәйкес құрылды. Арнайы соттың мақсаты – Сьерра-Леонде 1996 жылғы 30 қарашадан бастап халықаралық гуманитарлық құқық пен Сьерра-Леоне заңдарын өрескел бұзған тұлғаларды жауапқа тарту еді.

Арнайы сот үш палатадан (екі сот палатасы мен апелляциялық палата), прокурор кеңсесінен, хатшылықтан тұрды. Әр сот палатасында үш судья жұмыс істеді. Олардың біреуін Сьерра-Леоне үкіметі, ал екеуін Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы тағайындады. Апелляциялық палатада бес судья болды. Олардың екеуін үкімет, үшеуін БҰҰ Бас хатшысы тағайындайды. Апелляциялық палата Сот палатасы үкім шығарған тұлғалардың шағымдарын қарады. Олар өздерінің уәждерін соттың қателесуіне алып келген процессуалдық және сот мәселесіндегі қателік, үкімнің әділ болмауы немесе фактідегі қателікке сүйенуі қажет болды.

Апелляциялық палата Сот палатасының үкімін өзгеріссіз қалдыра алады, күшін жоя алады, қайта қарай алады. Апелляциялық палатаның судьялары өз жұмысында Югославия мен Руанда жөніндегі халықаралық трибуналдардың жұмыс қағидаттарына сүйенуі тиіс болды. Ал Сьерра-Леоненің құқық нормаларына түсініктеме беру мен қолдану мәселесінде Сьерра-Леоненің Жоғарғы сотының шешімдерін де басшылыққа алды. Сьерра-Леоне жөніндегі арнайы соттың гибридтілігі (аралас формасы) осыдан-ақ көрінеді.

### **Ирактағы жоғарғы трибунал**

Аралас соттың тағы бір мысалы ретінде Ирак Жоғары трибуналын келтіруге болады.

Коалицияның уақытша билігі Ирактың басқарушы кеңесіне Ирак Жоғары трибуналын құруға құзырет берді. Ирак Жоғары трибуналы бұрынғы Саддам Хуссейн режиміне қатысты



қылмыстарды қарастыру құзыретіне ие болды. Нақтырақ айтсақ, трибунал юрисдикциясы геноцид, адамгершілікке қарсы қылмыстар, соғыс қылмыстарына қатысты болды. Бұл қылмыстар 16 шілде 1968 жылы және 1 мамыр 2003 жылдар арасында орын алған болу керек еді. Оның үстіне, қылмыс Ирак азаматтарымен немесе резиденттерімен жасалған болу керек.

Трибуналдың юрисдикциясына жататын қылмыстарды жасаған адамдардың жеке жауапкершілігі қаралған. Трибуналдың юрисдикциясы мемлекеттік соттардың юрисдикциясын жүзеге асырады, бірақ олардан артықшылыққа ие. Трибунал жарғысына сәйкес «Трибуналдың президенті сот палатасы мен апелляциялық камерадағы сот процестеріне кеңесші және бақылаушы ретінде шетелдік азаматтарды тағайындай алады» деп жазылған. Шетелдік кеңесшілер мен бақылаушылар судьяларға халықаралық құқық саласындағы мәселелер мен осыған ұқсас трибуналдардың (халықаралық немесе басқа да трибуналдар) тәжірибесі жөнінде көмек береді, сондай-ақ Трибуналдың құқықтық-процессуалдық стандарттарды сақтауын қадағалайды. Шетелдік кеңесші мен бақылаушыны тағайындайтын кезде Трибунал президенті халықаралық қауымдастықтың, соның ішінде БҰҰ-ның көмегіне жүгіне алады. Бірақ қазіргі кезде Трибуналдағы судьялар мен прокурорлардың барлығы Ирак азаматтары болып отыр. Трибунал өлім жазасын тағайындай алады. Мысалы, Dujail ісінде Саддам Хуссейнге өлім жазасын тағайындады. Бірақ бұл мәселеге қатысты трибунал жиі сынға алынды.

### Халықаралық қылмыстар. Геноцид. Геноцидке тыйым

Геноцид қылмысының алдын алу және сол үшін жазалау туралы конвенцияға 1948 жылы қол қойылды. Онда геноцид соғыс кезінде немесе бейбіт кезеңде жасалғанына қарамастан, халықаралық құқықта қылмыс болып саналады деп жазылған. Геноцидке берілген анықтамаға сәйкес, геноцид дегеніміз – «ұлттық, этникалық, нәсілдік, діни топтарды тұтастай немесе ішінара жоюға бағытталған» төменгі іс-әрекеттердің кез келген түрі. Ондай ауыр қылмыстардың қатарына: 1) топ мүшелерін өлтіру; 2) топ мүшесіне ауыр дене жарақатын немесе психикалық жарақат салу; 3) топтың тұтастай немесе ішінара жойылына әкеліп соғатын өмір сүру жағдайын қасақана жасау; 4) топтың ұрпақ жалғастыруына кесірін тигізетін жағдай жасау; 5) топтың балаларын басқа топтарға күштеп қосу қылмыстары жатады.

Бұл конвенцияны арнайы орындау жүйесі жоқ. Конвенцияда «геноцидке кінәлі адамды геноцид болған мемлекеттің трибуналы немесе халықаралық трибунал жазалауға тиіс» делінген. Бұл жерде конвенцияның мазмұнына қатысты бірнеше жәйтке айрықша тоқталып өткен шығар.

Біріншіден, ниет мәселесі. Осының салдарынан мемлекет іс жүзінде толықтай немесе ішінара жою ниеті болмағанын айтып, жалтара алады. Екіншіден, қорғауға алынған топтар саяси топтар болмауы тиіс. Үшіншіден, мәдени геноцид ұғымы туралы конвенцияда айтылмаған. Төртіншіден, аталған қылмыстардың алдын алу шаралы туралы ештеңе айтылмаған.

Bosnian Genocid ісі бойынша БҰҰ-ның халықаралық сот геноцид адамзаттың ар-ожданына зиянын тигізетінін, адамзаттың жойылып кетуіне әкеп соқтыратынын, әрі БҰҰ-ның моральдық құқығына, мақсатына зиян тигізетінін көрсетті.

1996 жылғы 1 шілдеде БҰҰ Халықаралық соты Югославияның алдын ала қарсы пікірін қанағаттандырмай тастады. Атап айтқанда, сот «Геноцид туралы конвенцияда аталған құқықтар мен міндеттер erga omnes (яғни, мемлекеттің бүкіл әлемдік қауымдастық алдындағы міндеттемесі) сипатына ие. Сондықтан геноцидтің алдын алу мен сол үшін жазалау әр мемлекеттің міндеті нақты жағдайдағы қақтығыстың сипатына қатысты емес, яғни қақтығыстың халықаралық немесе ішкі сипаты алуы маңызды емес. Өйткені конвенция территориялық жағынан шектелмеген.

Сонымен қатар, конвенцияда қандай да бір уақыт кеңістігінде шектелген, юрисдикцияны шектеу туралы норма, яғни *ratione temporis* жоқ. Сондықтан конвенция күшіне енгеннен бұрын орын алған оқиғалар да назардан тыс қалмайды. Сот, сондай-ақ, геноцид қылмысын «халықаралық құқықтағы қылмыс» деп танып, Геноцид туралы конвенцияның нормалары геноцидтің алдын алу жөніндегі мемлекеттің міндеттемелерін ғана белгілеп қоймайды, сондай-ақ мемлекеттерге өз органдары мен азаматтары немесе қандай да бір топтары арқылы геноцид жасауға тыйым салатынын мәлімдеді.



Ал геноцид ұғымына анықтаудың негізінде жатқан ниет мәселесіне келсек, сот оған мынадай түсініктеме берді: «Қорғауға алынған топты тұтастай немесе ішінара жоюға бағытталған әрекет деп қарауға ниетті. Мұндай топтың қандай да бір жағымды сипаттарға сай болу керек. Яғни ұлт, этнос, нәсіл, діни топ сипаты. Қарау ниеті осы топқа тікелей бағытталған болуы керек. Басқаша айтқанда, қылмыс белгілі бір топтық ортақ белгілері топты жойып жіберуге, әрі оның басым бөлігін жойып жіберу ниетімен жасалғанда геноцид деп танылады».

Әдетте, мұндай әрекет географиялық жағынан шектеулі аумақта орналасқан топтарға қарсы бағытталады. Оның үстіне мемлекеттің геноцид жасағаны үшін кінәлі деп табу үшін сотқа берілетін дәлел толыққанды болғаны жөн.

## Соғыс қылмыстары

Соғыс қылмыстары соғыстың әдет-ғұрып нормаларын, халықаралық гуманитарлық құқыққа қатысты шарттардың нормаларын, қарулы қақтығыстарды реттейтін басқа да нормаларды бұзу болып табылады. Бұрынғы Югославия жөніндегі трибуналдың жарғысында трибуналдың соғыс құқығы мен соғыс әдеттерін бұзуға бар екені жазылған. Бұдан бөлек, жарғыда соғыс құқығы мен әдеттерін бұзатын қылмыстық әрекеттер де айтылған. Олар: 1) уландыратын қаруды немесе ауыр қасіретке ұшырататын басқа да қаруды қолдану; 2) қалаларды, қалашықтарды, ауылдарды заңсыз бұзу немесе әскери қажеттілік болмаса да қиратып-бүлдіру; 3) қорғалмаған қалаларға, ауылдарға, тұрғын үйлерге, ғимараттарға басып кіру, бомбылау; 4) діни, қайырымдылық, білім беру, өнер, ғылым, тарих ескерткіштерін, өнер туындыларын тартып алу, қирату немесе заңсыз бұзу; 5) қоғамдық немесе жекеменшікті тонау, талан-таражға салу.

Осылайша әскери қылмыстар халықаралық құқықтың өз алдына бөлек қағидаттары болып табылады. Сәйкесінше, мұндай қылмыстар үшін жеке мемлекет жауапкершілігіне қоса, жеке адамның жауапкершілігі қарастырылған. Яғни, сот әскери қылмыстарды қараған кезде, сол тұлға қатысы бар елдің заңдары мен халықаралық гуманитарлық құқық нормалары қатар қолданылады.

Әдетте халықаралық гуманитарлық құқықта **халықаралық және халықаралық емес қарулы қақтығыстар** деп бөлінеді. Мысалы, Руандадағы қақтығыс ішкі сипатта болды, яғни халықаралық емес. Сондықтан Руанда жөніндегі халықаралық қылмыстық трибунал халықаралық гуманитарлық құқықтың қылмыстық жауапкершілігіне сүйене отырып, ел ішіндегі қарулы қақтығыстар үшін жеке адамдарды жауапкершілігін алдына ала қарастырды.

Бұл орайда бұрынғы Югославия жөніндегі Халықаралық қылмыстық трибунал қарастырған Tadić (Тадич) әскери қылмыс бойынша жаңа тұрпаттағы шешім – шешімнің үлгісі десек болады. Апелляциялық палата өз юрисдикциясын орындау барысында, істе қарастыру кезеңінде мемлекеттердің арасында күш қолданылған кез келген жағдайда қарулы қақтығыс болады деп атап өтті немесе үкімет билігі мен қарулы топтардың арасында, сол мемлекет территориясында екі топ арасындағы ұзаққа созылған қақтығыс кезінде осындай жағдай орын алады.

Халықаралық гуманитарлық құқық осындай қақтығыс басталған сәттен қақтығыс аяқталып, бейбіт келісім жасалғанға дейін қолданылады. Ал ішкі қарулы қақтығыс кезінде бейбіт реттеуге қол жеткізгенге дейін қолданылады. Халықаралық гуманитарлық құқық бейбіт келісім жасалғанға дейін соғыс болып жатқан мемлекеттің бүкіл территориясында үздіксіз іске асады. Тіпті халықаралық құқық ішкі аспектілерді, яғни мемлекеттің ішкі қақтығысын реттеу үшін қолданылмайды десек те, ол, тым құрымағанда, мемлекет аумағындағы бейбіт тұрғындарды соғыс қаупіне қорғайды. Мысалы, бейбіт тұрғындардың меншіктерін, мәдени меншіктерді, соғысқа қатыспайтын адамдарды қорғау, халықаралық қарулы қақтығыстарды қолдануға тыйым салынған қарулар мен кейбір соғыс тәсілдерін қолдануға тыйым салуды айтар едік. Сонымен қатар, Tadić ісінде әдет-ғұрып пен халықаралық шарттарды бұзғаны үшін жеке адамның жауапкершілігі қарастыралатыны нақты айтылды. Мұндай жауапкершілік халықаралық және халықаралық емес қарулы қақтығыстардың бәріне таралады.



Tadic' ісінің бұл үкімін қазіргі кезде халықаралық құқықтың көрінісі ретінде қабылдаймыз. Қазіргі кезде халықаралық қарулы қақтығыстарға қатысты қолданылып жүрген нормалардың көбі ішкі қақтығыстарға да қолданылады. Бұл мүмкіндік Халықаралық қылмыстық соттың жарғысында қарастырылған.

### Адамзатқа қарсы қылмыстар

Нюрнберг жарғысының 6(с)-бабында осы Трибуналдың юрисдикциясына кіретін адамзатқа қарсы қылмыстардың түрлері аталған. Ол «бейбітшілікке қарсы қылмыс», нақтырақ айтқанда, халықаралық келісімшарттарды бұза отырып, соғыс ашуға ниеттену, жоспарлау, әзірлік және ашық соғысқа шығу ретінде анықталады. «Адамзатқа қарсы қылмыстар» терминіне аталмыш құжатта «Трибуналдың юрисдикциясына жататын және мемлекеттің заңын бұзған-бұзбағанына қарамастан, соғыс алдында немесе соғыс кезінде бейбіт тұрғындарға қарсы жасалған адам өлтіру, қырып-жою, құлдыққа жегу, депортация және басқа да адамгершілікке жатпайтын іс-әрекеттер немесе саяси, нәсілдік, діни негіздегі қудалау» деген анықтама берілген.

Бұрынғы Югославия жөніндегі трибунал өз жарғысында жоғарыда аталған қылмыстардың бәрі де қайталанады, әрі ол тізімді адамзатқа қарсы қылмыстың басқа да түрлерімен толықтырады. Оның қатарына түрмеге қамау, азаптау, зорлау, саяси, нәсілдік, діни негізде қудалау, өлтіру сияқты қылмыстар енген.

Руанда жөніндегі халықаралық қылмыстық трибуналдың жарғысы осыған ұқсас. Ол жерде ауыр қылмыстар қатарына бейбіт тұрғындарға ұлттық, саяси, этностық, нәсілдік, діни негіздегі кең көлемді және жүйелі шабуылды қосады.

Халықаралық қылмыстық соттың жарғысы бейбіт тұрғындарға қатысты кең көлемді және жүйелі шабуылдар кезінде жасалатын қылмыстардың сипаттамасын көрсетеді.

Югославия жөніндегі халықаралық қылмыстық трибуналдың Апелляциялық палатасы Кунарач (Купарач) ісінде «шабуылдың бейбіт тұрғындарға қарсы, кең көлемде және жүйелі түрде жасалғанын дәлелдеу – қылмыстың құқықтық элементі болып табылады. Он белгілі бір саясатпен немесе жоспармен жасағанын дәлелдеудің қажеті жоқ» деп шешім қабылдады.

Мұндай іс-әрекеттердің көпшілігі соғыс қылмысы мен адамзатқа қарсы қылмыстың екеуінде қатар көрініс табуы мүмкін. Бірақ адамзатқа қарсы қылмыстың ерекшелігі – ол қарулы қақтығыс кезінде жасалмайды. Дегенмен қандай да бір іс-әрекетті адамзатқа қарсы қылмыс ретінде тану үшін бұл іс-әрекет кең көлемді және жүйелі қылмыстың бір бөлігі болуға, бейбіт тұрғындарға қарсы жасалуы тиіс. Бірақ қай елдің азаматтарына қарсы жасалғаны маңызды емес.

Геноцид жасау мақсатындағы кез келген әрекетті адамзатқа қарсы қылмыс деп атай беруге болады. Дегенмен, әрине, адамзатқа қарсы қылмыстың барлығы бірдей геноцид емес.

### Агрессия

Агрессия халықаралық әдет-ғұрып құқығында қылмыс ретінде танылған. Нюрнберг жарғысында Трибуналдың «бейбітшілікке қарсы қылмысты қарайтын юрисдикциясын анықтайды. Атап айтқанда, агрессиялық соғысты бастау немесе халықаралық шарттарды, келісімдерді, мәлімдемелерді бұзу арқылы соғысқа дайындалу, бастау, кірісу, сондай-ақ, жоғарыда аталған қылмыстарға жалпы дайындық жасау, келісімге келу». Агрессия қылмысы туралы Халықаралық қылмыстық сот жарғысында да айтылған. Бірақ оның шын мәнінде агрессия қылмысы ретінде санау тек агрессия қылмысына нақты анықтама берілген кезде әрі оған Халықаралық қылмыстық соттың юрисдикциясы бекітілгенде ғана жүзеге асады. Бұл қылмыстық анықтаманы беруге бірнеше мәселе кедергі болған. Мысалы, басқа халықаралық қылмыстардан ерекшелігі – агрессия мемлекет «басшыларының» жасайтын қылмысы, бірақ бұған көп жағдайда мемлекет кінәлі боп шығарды. Сондықтан мемлекеттің агрессиялық әрекет пен мемлекетте жоғары лауазымды қызмет атқаратын жекелеген адамның агрессия қылмысының ара жігін ашып алған жөн.



## Сұрақтар

1. Геноцид қылмысын болдырмау және жазалау туралы 1948 жылғы конвенцияның уақыт жағынан, яғни *ratione temporis* шектелмегендігі туралы пікіріңіз қандай?
2. Халықаралық қақтығыстарға қолданылатын халықаралық құқық нормалары ішкі сипаттағы қақтығыстарға қолданылуы туралы ойыңыз қандай? Жалпы осы көзқарасқа, мемлекеттің ішкі ісіне араласпау принципі туралы ойыңыз қандай?
3. Басқа халықаралық қылмыстардан бір ерекшелігі – агрессия пайда болуының бір ұшы мемлекеттің «көшбасшысына» келіп тірелуін талап етеді. Жалпы, мемлекеттің көшбасшысы болмай-ақ, агрессиялық әрекет жасауға болады деп ойлайсыз ба?

## Әдебиеттер

1. W. Schabas, *The Cambridge Companion to International Criminal Law*, Cambridge, 2016.
2. R. O’Keefe, *International Criminal Law*, Oxford, 2015.
3. Ж.О.Кулжабаева, *Международное публичное право. Общая и Особенная части*, Алматы, 2006. 7.7 раздел.